

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы  
Мұғалжар ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің  
«Ащысай негізгі орта мектебі» коммуналдық  
мемлекеттік мекемесінің  
қызметін өзін-өзі бағалау қорытындысы**

**Ащысай ауылы, 2022 жыл**

ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫ  
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ  
МУҒАЛЖАР АУДАНЫ  
«АЩЫСАЙ НЕГІЗГІ ОРТА  
МЕКТЕБІ» КММ  
БҰЙРЫҚ



РЕСПУБЛИКА  
КАЗАХСТАН  
АКТЮБИНСКИЙ ОБЛАСТЬ  
МУГАЛЖАРСКИЙ РАЙОН  
КТУ «ОСНОВНАЯ СРЕДНЯЯ  
ШКОЛА АЩЫСАЙ»  
ПРИКАЗ

030704, Ащысай ауылы, Ә.Қалыбаев көшесі  
факс: (871348) 56-1-13  
E-mail: shkola-n-krypskain@mail.ru

030704, Ащысайский село, ул.О.Калыбаева  
факс: (871348) 56-1-13  
E-mail: shkola-n-krypskain@mail.ru

01.09.2022ж

№ 95 (көшірме)

**«Өзін – өзі бағалауды жүргізу»  
комиссиясын құру туралы**

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамсыз ету комитеті төрағасының 2021 жылғы 10 қыркүйектегі №700 бұйрығына қосымша Білім беру ұйымдарының өзін – өзі бағалауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес, «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары» Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 2 ақпандағы №124 бұйрығы негізінде

**бұйырамын:**

1. Өзін өзі бағалауды жүргізуді өткізу комиссиясы тағайындалсын:  
Комиссия төрайымы Утешова Г.П. мектеп директоры  
Комиссия мүшелері Садыкова Э.С. оқу ісі жөніндегі орынбасары  
М.Б.Битимбаева тәрбие ісі жөніндегі орынбасары  
Конакова И.Н. кәсіподақ төрайымы  
Асладин Л.А. ағылшын пәнінің мұғалімі  
Косаева А.Б. тарих пәнінің мұғалімі  
Туремуратова Ж.Т. бастауыш сынып мұғалімі  
Сәулебай А.Қ. бастауыш сынып мұғалімі  
Мерғалиева Ж.Б. бастауыш сынып мұғалімі
2. Білім беру қызметін өзін өзі бағалау білім беру уақытында сабақ кестесіне сәйкес, пәннің берілуін және талаптарға сәйкестігі басшылыққа алынсын.
3. Өзін өзі бағалау жүргізген кезде бағыттар төмендегідей объектілерді қамтысын:
  1. Оқытушылық және оқыту
  2. Білікті қызметкерлердің болуы
  3. Қолжетімді білім беру
  4. Тиімді оқуға ықпал ету
4. Барлық жинақталған материалдарды сараптау комиссия мүшелерінің қатысуымен жүргізілсін.
5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры:



Г.П.Утешова

Бекітемін,  
Мектеп директоры: Г.П. Утешова



**Ащысай негізгі орта мектебіне қыркүйек айында өткізілетін  
мемлекеттік аттестатауға дайындық жоспары**

№	Жұмыстың мазмұны	Жауапты	Уақыты
1	Білім беру ұйымдарын аттестаттау құжаттарымен, бұйрықтарымен таныстыру	Г.П. Утешова	Қараша
2	Білім беру ұйымдарының өзін – өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарымен таныстырып, қосымшаларды бөлу	Г.П. Утешова	Қараша
3	9 – сыныптардың және бітіруші түлектердің білім алушылары арасында оқыту нәтижелеріне бағалау жүргізілу нұсқаулығымен таныстыру, қосымша сабақ кестесін құру	Садыкова Э.С.	Апта сайын
4	4 сыныптардың және бітіруші түлектердің білім алушылар арасында тест, бақылау сынақтарын алу	Пән мұғалімдері	Ақпан
5	Білім беру ұйымының материалдық – техникалық базасы бойынша бейнеконтент әзірлеу	Мектеп әкімшілігі	Қаңтар
6	Инвариантты компонент сабақтарынан ұсынылатын бейне мазмұнын әдістемелік жағынан дайындау	Садыкова Э.С. Әдістемелік бірлестік жетекшілері	Ақпан
7	Бітіруші сыныптар мен курстардың білім алушыларына кешенді тестілеу ұйымдастыру	Садыкова Э.С.	Ақпан
8	МДҰ ұйымдарында бітіруші топ тәрбиеленушілерінің ата – аналарына (занды өкілдеріне) сауалнама жүргізу	Мектеп психологі	Қаңтар
9	Өзін өзі аттестаттау комиссиясының құрамын бекіту	Мектеп әкімшілігі	Қаңтар
10	Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарда көрсетілген қосымшаларды жасақтау	Мектеп әкімшілігі	Қаңтар
11	Бағалау парағын толтыру	Мектеп әкімшілігі	Ақпан

Ащысай негізгі орта мектебі бойынша қамқоршылық кеңес отырысының  
хаттамасына көшірме

Хаттама №5

Ащысай ауылы

28.09.2022ж

Қатысқандар: мектептің өзін-өзі бағалау комиссиясының мүшелері  
Қамқоршылық кеңес мүшелері

Күн тәртібінде қаралған мәселесі:

1. Білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауының қорытындысы

Тыңдалды: мектеп директоры Г.П.Утешова 2022-2023 оқу жылының қыркүйек айында ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамсыз ету комитеті төрағасының 2021 жылғы 3 тамыздағы №634 бұйрығымен бекітілген Білім беру ұйымдарында мемлекеттік аттестатауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулығын басшылыққа алып мектеп өзін-өзі бағалауды өткізген болатын.

Мектептің өзін-өзі бағалау. Комиссиясы кезектен тыс өткізілген педагогикалық кеңестің отырысының шешімімен төмендегі құрамда сайланды:

Комиссия төрайымы Утешова Г.П. мектеп директоры

Комиссия мүшелері Садыкова Э.С. оқу ісі жөніндегі орынбасары

М.Б.Битимбаева тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Конакова И.Н. кәсіподақ төрайымы

Асладин Л.А. ағылшын пәнінің мұғалімі

Косаева А.Б. тарих пәнінің мұғалімі

Туремуратова Ж.Т. бастауыш сынып мұғалімі

Сәулебай А.Қ. бастауыш сынып мұғалімі

Мерғалиева Ж.Б. бастауыш сынып мұғалімі


ҚР Білім және ғылым министрінің 2016жылғы 2 ақпандағы №124 өлшемшартта көрсетілген мектепке дейінгі тәрбие жұмысына арналған өлшемшарт, қосымшалар, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының қосымшалары (1,2,3,4,5,6,7,8,9,10,11,12,13,14,15,16,17) негізінде жұмыстар жүргізілді. Ол бұрын өткен төрт оқу жылы мен ағымдағы оқу жылының осы бақылау басталғанға дейінгі бір ай, бағаланатын кезеңде қамтыды. Атап айтқанда комиссия бағалау өлшемшарттарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбиеленушілердің ата-аналарына сауалнама жүргізді. Және оқу жылы ішіндегі жетістіктеріне мониторинг жүргізілді. Сонымен қатар мектеп туралы жалпы мәліметтер, құқық белгілейтін және құрылтайшылық құжаттар, заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеу туралы анықтамасы, лицензия, хабарлама. Бағалау өлшемшарттарына қосымшаларда келтірілген сандық және сапалық көрсеткіштер толтырылып есеп жасалды.

Сонымен қатар Ақтөбе облысы бойынша Білім және ғылым саласында сапаны қамтамсыз ету комитетіне оқу ғысандары мен тілдері бойынша бітіруші сыныптардың (4,9 - сыныптар) контингенті тәралы дұрыс мәліметтерді, оқу нәтижелеріне бағалау жүргізу кестесін ұсынып, олардың қызметкерлерінің байқаушы ретінде қатысуы үшін қолдау хат жолданды.

Өзін-өзі бағалау қорытындысының анықтамасымен Комиссия мүшесі Садыкова Эльмира таныстырып шықты.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:

Хатшысы:



Уалиева М.

Битимбаева Ш.



**«Ақтөбе облысының білім басқармасы Мұғалжар ауданының білім бөлімі»  
мемлекеттік мекемесінің «Ащысай негізгі орта мектебі» коммуналдық  
мемлекеттік мекемесінің**

**АНЫҚТАМАСЫ**

Бақылау түрі: өзін-өзі бағалау.

Өзін-өзі бағалау жүргізудің негізі: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2021 жылғы 3 тамыздағы № 634 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында мемлекеттік аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулық», "Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы № 124 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 26 шілдедегі № 366 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 26 шілдедегі бұйрығы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің басшысы Г.Сарсенғалиеваның «Ақтөбе облысы бойынша 2022 жылы мемлекеттік аттестаттауға жататын Ақтөбе облысының білім беру ұйымдарының тізімі» 05.07. 2022 жылғы бұйрығы.

Өзін-өзі бағалау комиссиясының құрамы:

Утешова Гулжазира Пангереевна	Мектеп директоры,
Садыкова Эльмира Суюндыковна	Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары,
Битимбаева Мадина Болатовна	Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
Конакова Инна Николевна	Кәсіподақ төрағасы, орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагог-сарапшы
Асладин Ляззат Асылбековна	Ағылшын тілі пәнінің мұғалімі, педагог-сарапшы
Косаева Айтқаным Баймуратовна	Тарих пәнінің мұғалімі,
Туремуратова Жанара Тлеубергеневна	бастауыш сынып мұғалімі, педагог-сарапшы
Сәулебай Айгерім Қайырбайқызы	бастауыш сынып мұғалімі, педагог-сарапшы
Мерғалиева Жұлдыз Бакуадинқызы	бастауыш сынып мұғалімі, педагог-сарапшы

Өзін-өзі бағалау барысында төмендегі мәселелер тексеріліп сарапталды, олар:

- 1) білім беру ұйымдарының мақсаты, міндеттері мен құндылықтары;
- 2) оқу және оқыту;
- 3) білікті қызметкерлердің болуы;
- 4) қолжетімді білім беру үшін жағдай жасау;
- 5) білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- 6) тиімді оқытуға ықпал ететін материалдық-техникалық база.

## Жалпы сипаттама

### **Білім беру ұйымының толық атауы:**

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Мұғалжар ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ащысай негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Коммунальное государственное учреждение «Основная средняя школа Ащысай» государственного учреждения «Отдел образования Мугалжарского района управления образования Актюбинской области»

### **Білім беру ұйымының орналасқан жері:**

Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Ащысай ауылдық округі, Ащысай ауылы, Өтеген Қалыбаев көшесі, 15А. пошта индексі 030703

Заңды тұлғаның байланыс деректері: Телефон : 8 (71348) 56113

электронды пошта: shkola-n.krupskaia@mail.ru

Web-сайт: krupska.mugalzhar-roo.edu.kz

### **Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері :**

Мектеп директоры Утешова Гульжазира Пенгереевна (көшірме қоса жалғанды)

Байланыс телефондары: 87772374877

Мұғалжар аудандық білім бөлімінің 2019 жылдың 29 сәуіріндегі №73нқ бұйрығымен мектеп директоры болып тағайындалды.

### **Құқық белгілейтін және құрылтайшылық құжаттары:**

«Қазақстан Республикасы Ақтөбе облысының әділет департаменті (филиалдың немесе өкілдіктің) мемлекеттік (есептік) қайта тіркеуі 2022 жылдың 09 қыркүйегінде жүргізілді. (көшірме қоса жалғанды)

### **Рұқсат беру құжаттары:**

Лицензия: Лицензияр «ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті» мемлекеттік мекемесі. 15.02.2021 жыл № KZ76LAA00023633 (көшірме қоса жалғанды)

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарлама: ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті» мемлекеттік мекемесінің 2016 жылдың 13 ақпанындағы хабарлама №KZ20RVK00008372

## Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары

### 1-тарау. Жалпы ережелер

Осы білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары (бұдан әрі – Бағалау өлшемшарттар) «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 21-2) тармақшасына, 56-бабына және 59-бабының 4-1 тармағына сәйкес білім беру ұйымдарының білім беру қызметін өзін-өзі бағалауды жүзеге асыру кезінде

### 2-тарау. Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары

2-параграф. Бастауыш, негізгі, орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарамаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары:

*13.1. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып бастауыш, негізгі, орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім берудің жаңартылған мазмұнына қойылатын талаптар.*

Ащысай негізгі орта мектебінде 2018-2019, 2019-2020, 2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарына арналған жұмыс жоспарлары жасалды. (көшірме қоса жалғанды) МЖМБС талаптары айқындалған, жалпы орта білім берудің базалық құндылықтарына, мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестелген. 2022-2023 оқу жылының **ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕСІ:** Білім беру сапасын функционалды сапаттылықты дамытуды қамтамасыз ету.

**Мақсаты:** Ізгілікті бағдарланған, әсемділікпен, ұлттық игіліктер мен мәдени мұрасының сабақтастығын сақтай отырып, әлеуметтік өмірге бейімделген өзін-өзі іске асыруға, өзін-өзі дамытуға және өз бетінше дұрыс адамгершілік тұрғысынан жауапты шешімдер қабылдауға қабілетті тұлғаны қалыптастыру.

#### **Міндеттері:**

1. Оқу үдерісінің барлық қатысушыларының заңды құқықтары мен қызығушылықтарын барынша толығымен жүзеге асыратын ашық білім беру ортасын ашу.

2. Білім алушылардың функционалды сапаттылығының барлық түрлерін арттыруда барынша жоғары нәтиже беретін жаңартылған білім беру мазмұны бойынша пәндерді оқытудың тиімді жолдарын анықтау және жинақтау.

4. Білім беру үдерісіне мектеп әлеуметі өкілдерін жұмылдыра отырып, бақылаудың жаңашыл, заманауи түрлерін енгізу.

5. Мектеп оқушыларының білім сапасын бағалау және мониторинг жүргізу жүйесін дамыту.

*13.2. Білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің болуы және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі-ЖББ ҮОЖ) және МЖМБС талаптарына сәйкестігі.*

Ащысай негізгі орта мектебінің қызметін өзін-өзі бағалау кезінде тексерілген бес оқу жылындағы оқу жұмыс жоспарлары мен сабақ кестелерінің құрылуы, мектептің кәсіподақ ұйымымен келісіліп, мектеп директорымен



бекітілді. 2018-2019, 2019-2020, 2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарының сабақ кестелері аптадағы өтілетін пәннің атауы мен реті, сыныбы көрсетілген. Сабақ кестесі оқу жұмыс жоспарына сәйкес жасалған.

1-9-сыныптарға арналған оқу жұмыс жоспарларында оқу пәндері мен сағат сандары оқу жұмыс жоспары бойынша құрылған.

2018-2019 оқу жылында 1-4 сыныптар аралығында 4 сынып комплекті, 5-9 сыныптар аралығында 5 сынып комплектісіне оқу жұмыс жоспары жасалған.

1,2,3 сыныптар аралығында оқу жұмыс жоспарлары Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2016 жылғы 15 шілдедегі №453 бұйрығының 1-қосымшасында көрсетілген үлгілік оқу жоспарына сай жасалған.

4 сынып Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2013 жылғы 25 шілдедегі №296 бұйрығының 1-қосымшасында көрсетілген үлгілік оқу жоспарына сай жасалған.

5-8 сыныптарға арналған оқу жоспарларын Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2017 жылғы 18 тамыздағы №422 бұйрығының 1-қосымшасында көрсетілген үлгілік оқу жоспарына сай жасалған.

9 сынып Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2013 жылғы 25 шілдедегі №296 бұйрығының 4-қосымшасында көрсетілген үлгілік оқу жоспарына сай жасалған.

2019-2020 оқу жылында 1-4 сыныптар аралығында 4 сынып комплекті, 5-9 сыныптар аралығында 5 сынып комплектісіне оқу жұмыс жоспары жасалынған.

1-4 сыныптар аралығында оқу жұмыс жоспарлары Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2016 жылғы 15 шілдедегі №453 бұйрығының 3-қосымшасында көрсетілген үлгілік оқу жоспарына сай жасалған.

5-9 сыныптарға арналған оқу жоспарларын Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2018 жылғы 4 қыркүйектегі №441 бұйрығының 4-қосымшасында көрсетілген үлгілік оқу жоспарына сай жасалған.

2020-2021 оқу жылында 1-4 сыныптар аралығында 4 сынып комплекті, 5-9 сыныптар аралығында 5 сынып комплектісіне оқу жоспары жасалынған.

1-4 сыныптар аралығында оқу жұмыс жоспарлары Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2018 жылғы 4 қыркүйектегі №441 бұйрығына 1-қосымшасында көрсетілген үлгілік оқу жоспарына сай жасалған.

5-9 сыныптарға арналған оқу жоспарларын Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2018 жылғы 4 қыркүйектегі №441 бұйрығының 4-қосымшасында көрсетілген үлгілік оқу жоспарына сай жасалған.



2021-2022 оқу жылында 1-4 сыныптар аралығында 4 сынып комплекті, 5-9 сыныптар аралығында 5 сынып комплектісіне оқу жұмыс жоспары жасалынған.

1-4 сыныптар аралығында оқу жұмыс жоспарлары Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 23 тамыздағы №415 бұйрығының 1-қосымшасы, 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы 4-қосымша басшылыққа алынып жасалған.

5-9 сыныптарға арналған оқу жоспарларын Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 23 тамыздағы №415 бұйрығының 6-қосымшасы, 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы 6-қосымша басшылыққа алынып жасалды.

2022-2023 оқу жылында 1-4 сыныптар аралығында 4 сынып комплекті, 5-9 сыныптар аралығында 5 сынып комплектісіне оқу жоспары жасалған.

1-4 сыныптар аралығында оқу жұмыс жоспарлары № 500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығы 1-қосымша басшылыққа алынып жасалды.

5-9 сыныптар аралығында оқу жұмыс жоспарлары № 500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығы 6-қосымша басшылыққа алынып жасалды.

2018-2019, 2019-2020, 2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдары бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – ЖББ ҮОЖ) және МЖМБС талаптарына сәйкес.

**13.3. Жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына (бұдан әрі-ЖББ үлгілік оқу бағдарламалары) сәйкес жүзеге асырылатын инвариантты компонент пәндерінің базалық мазмұнын игеру.**

2018-2019, 2019-2020, 2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарының оқу жұмыс жоспарлары, сынып журналдары мен сабақ кестелері жасалып, кәсіподақ ұйымымен бірлесе отырып, мектеп директорымен бекітілген. Инвариантты компонент пәндері оқу бағдарламаларын базалық мазмұны "Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына сәйкес жасалып бекітілген. Оқу бағдарламасына сәйкес өткізілген сабақтар сынып журналдарына енгізілген. Ұсынылған материалдар *Kundelik.kz* ақпараттық жүйесімен зерделенді. Оқу жылына арналған ұзақ мерзімді жоспарда бір оқу жылына арналған оқу мақсаттары қамтылған, бөлімдер мен тақырыптарды меңгеруге жұмсалатын сағат саны көрсетілген, ұзақ мерзімді жоспарға сәйкес бөлімшелерге арналған сағат саны бөлінген, күнтізбелік-тақырыптық жоспарды педагогтар әзірлеп мектептің пән бойынша әдістемелік бірлестік отырысында қарастырып, бекітілген. (*kundelik.kz* электронды журналдан қаралды.)

**13.4. білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және**

*жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру.*

Тәрбие жұмысын ұйымдастырудың негізгі нормативтік құқықтық құжаттары:

- 1) Бала құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясы;
- 2) Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- 3) «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі;
- 4) «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңы;
- 5) «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-ІҮ Заңы;
- 6) «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 2 шілдедегі № 169-VI Заңы;
- 7) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы;
- 8) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
- 9) ҚР БҒМ 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері;
- 10) ҚР БҒМ 2020 жылғы 12 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері

2018-2019, 2019-2020 оқу жылдары ҚР БҒМ 2016 жылғы 22 маусымдағы №391 бұйрығына 1-қосымша; «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 29 тамыздағы №875 қаулысын негізінде бекітілген Ақтөбе облыстық Білім басқармасының 2012 жылғы 10 қыркүйектегі №712 Ақтөбе облысындағы тәрбие жұмыстарының 2013-2020 жылдарға арналған бағыт- бағдарламасын бекіту туралы» негізге ала отырып, Тәрбие жұмысында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 22 сәуірдегі № 227 бұйрығымен бекітілген Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін басшылыққа алынды. Н.Крупская атындағы негізгі орта мектебінің тәрбие жұмысының жоспары «Мәңгілік Ел» Ұлттық тұжырымдамалық идеясын негізге ала отырып құрылып, бекітілді. Жұмыс жоспарының мақсаты: «Тұлғаға бағдарланған жалпы адамзаттық құндылықтарды шығармашылық және ынтымақтастық үрдісі барысында» ден жасалған. Тәрбиенің міндеттері төмендегідей:

- Ұлттық сана-сезімді жетілген
- Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген

- Инновациялық экономика жағдайында табысты еңбек ететін
- Елінің тағдыры үшін жауапкершілік сезімі бар қоғамның әлеуметтік белсенді мүшелерін тәрбиелеу

**Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие** бағыты бойынша қазақ халқының тарихы мен салтын, тілін сүю және құрметтеуге, оның таңдаулы дәстүрлерін сақтауға және оны дамытуға. Қазақстанның басқа халықтарының мәдениетін зерттеу және игеруге негізделген азаматтық ұстанымды және патриоттық сананы, құқықтық және полимәдениетті, қалыптасқан ұлттық өзіндік сананы, ұлт аралық мәдени қарым қатынасты, әлеуметтік және діни төзімділікті қалыптастыруы тиіс бағытталған. Аудандық ішкі істер және мектепшілік есепте тұрған, дін жолында жүрген діни ұстанымды оқушылар, екпеден бас тартқан оқушылар анықталған жоқ. **Ұлттық тәрбие** бағыты бойынша тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға, ана тілі мен мемлекеттік тілді, қазақ халқының Қазақстан Республикасындағы этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуге бағдарлау бойынша мектебімізде түрлі іс-шаралар өткізілген. **Отбасы тәрбиесі** бағыты бойынша адамдар арасында оңтайлы және эмоционалды көңіл-күй қарым қатынас арқылы адамгершілік, рухани және гуманитарлық құндылықтарға басымдық беруде әлеуметтік тарихи тәжірибені таратудың анықтаушы құрамдас бөлігі болып саналған. Қазақстандық қоғамның жалпы сұранысы және халық дәстүрлері негізге алынған. Тәлемдік және ұлттық мәдениет негізінде құрылған балалар мен жастарды жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағдарлау бірінші қатарға қойылған. **Рухани адамгершілік тәрбие** бағыты бойынша өзіндік сананы дамытуға жағдай жасау, жеке тұлғаның әдеп ұстанымын, оның қоғам өмірінің нормалары мен дәстүрлерін келістірілетін моральдік қасиеттерін және бағдарларын насихаттауға арналған іс шаралар мақсаты орындалған. **Көп мәдениетті және көркем эстетикалық тәрбие.** Мақсаты: рухани адамгершілік құндылықтарды әсемдік арқылы, көркем мәдениет арқылы, халықтар мен дәуірдің әлемдік көркем құндылықтары арқылы, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарын зерделеу арқылы қалыптастыруды көздейді. Адам бойында қазіргі кезең дамуының маңызды міндеттері болып саналатын өнер дербес шығармашылық қызметімен әлемдік құндылықтар туралы танымын толық іске асыратын, ұжымда жұмыс істеуге бейімді, мәдениет әлемінде және адамдармен қарым қатынаста қалыптастыру. **Еңбек және экономикалық тәрбие.** Мақсаты: жасөспірімдердің және жастардың өзіне өзі қызмет көрсету шеберлігін және

2020-2021 оқу жылдары Н.Крупская атындағы негізгі орта мектебінде Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы бсәуірдегі №130 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 бсәуірде №20317 болып тіркелген осы бұйрыққа 10 қосымшаға сәйкес құрылып жасалды. Тәрбие жоспарының мақсаты:



«Тұлғаға бағдарланған жалпыадамзаттық құндылықтарды шығармашылық және ынтымақтастық үрдісі барысында дамыту» негізге алынған. Жұмыс жоспарының міндеттері төмендегідей көрсетілген:

- Ұлттық сана – сезімді жетілген
- Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген
- Инновациялық экономика жағдайында табысты еңбек ететін
- Елінің тағдыры үшін жауапкершілік сезімі бар қоғамның әлеуметтік белсенді мүшелерін тәрбиелеу. Тәрбиенің қойған мақсатына және одан туындайтын міндеттерге сүйене отырып тәрбие жұмысының мынадай бағыттары айқындалды: **Жаңа Қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие бағыты бойынша отанға ұтымды эмоционалды қарым қатынасы қалыптасқан, мемлекет пен қоғамның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңсыздыққа қарсы тұратын, балалар мен жастар ортасында қатыгездік пен зорлық зомбылыққа қарсы тұруға дайын заңдарын меңгеру және сақтау қажеттілігі бар патриот пен азаматты қалыптастыру**
- **Рухани адамгершілік тәрбие**  
Мақсаты: тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпы адамзаттық құндылықтарымен, нормалары мен дәстүрлерімен келісетін рухани адамгершілік және этикалық қағидаларын, оның моральдық қасиеттері мен ұстанымдарын қайта жаңғырту туралы «Рухани жаңғыру» құндылықтары негіздерінің, оның ішінде «Құндылықтарға негізделген білім беру», «Қоғамға қызмет» жобаларын іске асыру арқылы терең түсінігін қалыптастыру.
- **Ұлттық тәрбие.**  
Мақсаты: жеке тұлғаны жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға, ана тілі және мемлекеттік тілге, қазақ халқының мәдениетіне, Қазақстан Республикасының этностары мен этностық топтарына құрмет көрсетуге бағыттау
- **Отбасылық тәрбиесі**  
Мақсаты: ата-аналарға білім беру, олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін және балаларды тәрбиелеу жауапкершілігін арттыру
- **Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие**  
Мақсаты: кәсіби өзін-өзі анықтауға саналы көзқарасты қалыптастыру, экономикалық ойлауды және тұлғаның экологиялық мәдениетін дамыту
- **Интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу**  
Мақсаты: әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай -ақ ақпараттық, оның ішінде балалардың кибермәдениетті мен кибергигиенасы бойынша мәдениетті дамытуды қамтамасыз ететін мотивациялық кеңістікті қалыптастыру

2021-2022 оқу жылы Н.Крупская атындағы негізгі орта мектебінде Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 6 сәуірдегі №472 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021жылғы 18 қыркүйектегі №24429 болып тіркелген осы бұйрыққа сәйкес құрылып жасалған. 2021-2022 оқу жылына «Ұлттық рухы биік, адамгершілігі жоғары, салауатты өмір салтын ұстанатын, елінің өткенін құрмет тұтып, ертеңіне өз үлесін қосуды парызым деп білетін жан-жақты білімді, қабілетті, жаңашыл тұлға қалыптастыру. «Жас жеткіншектердің бойында азаматтық пен Қазақстандық патриотизмді және «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясын өмірінде жүзеге асыру ұмтылысын қалыптастыру, мемлекеттік рәмізін құрметтеуге, халық дәстүрлерін дәріптеуге тәрбиелеу» деп **тәрбие жұмысының жоспарына мақсаты алынған. Жұмыс жоспарының төмендегідей міндеттері көрсетілген:**

- ✓ ҚР мектеп оқушыларының патриоттық тәрбие беру тұжырымдамасын пайдалану, азаматтық- патриоттық сананы қалыптастыру, рухани-адамгершілік қасиеттерді жетілдіру, этикалық принциптерді ұстана отырыпқазақстандық қоғамның нормалары мен дәстүрлеріне қайшы келмеу;
- ✓ тұлғаның адами және ұлттық құндылықтарды ұстана отырып, казак халқының тілін, дәстүрлерін мойындауға, ұстануға жетелеу, полимәдениетті тұлғаны қалыптастыру мен толерантылықты нығайту, Қазақстан Республикасында өмір сүретін түрлі этностар мен этнотоптардың тілін, мәдениетін дәріптеуге үйрету;
- ✓ отбасылық құндылықтардыкеңінен насихаттау, ата-аналардың психологиялық, педагогикалық білімін жетілдіру, ата-ананың баланың тұлға ретінде қалыптасына, тәрбиесіне жауаптылығын сезіндіру;
- ✓ еңбек дағдысын қалыптастыру, тұлғаның экономикалық ойлау дағдысын ұштап, болашақ мамандығын таңдауда жол ашу, экологиялық мәдениетті дамыту, ұжымдық қарым-қатынастың ережесін біліп, өмірде қолдану;
- ✓ мектепте көпмәдениетті ортаны қалыптастыруға ықпал ету, ортақ мәдениет дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнердегі және өмірдегі эстетикалық нысандарды қабылдауға, игеруге, бағалауға дайын болуын қамтамсыз ету;
- ✓ дене тәрбиесіне жіті назар аударып, салауатты өмір салтын ұстану дағдыларын қалыптастыруға ыңғайланған кеңістік орнатып, оқушыны өзінің физикалық және психологиялық денсаулығына нұқсан келтіретін факторларды анықтай білуге үйрету.

Тәрбиенің қойған мақсатына және одан туындайтын міндеттерге сүйене отырып тәрбие жұмысының мынадай бағыттары айқындалған. **Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие**

оқушыларға ҚР мемлекеттік рәміздерін бағалап, ҚР Конституциясын құрметтеуге баулу жұмыстары атқарылған. Ана тіліне деген құрмет пен сүйіспеншілікті нығайту, өз құқықтары мен міндеттерін біле келе жауапкершілікті сезіну, өз Отанының патриоты болуға тәрбие беру міндеттелген. ҚР Рәміздерін бағалауға «Мемлекеттік Ту», «Мемлекеттік Елтаңба», мемлекеттік рәміздерге құрметпен қарауды тәрбиелеу

бағытында тәрбие сағаттары өткізілген. Құқықтық мәдениетті қалыптастыру мақсатында тақырыптық кездесулер жүргізілген және олардың құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарастары қалыптастырылған. **Рухани-адамгершілік тәрбие бағыты бойынша** жеке тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптері негізге алынған. Адамгершілік қасиеттері мен көзқарастарын қайта құру туралы қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарына, нормалары мен дәстүрлеріне сәйкес келетін "Рухани жағырудың" құндылық негіздері туралы терең түсінік қалыптастыру мақсатында мектебімізде түрлі іс-шаралар, кештер және кездесулер өткізілген. "Өзін-өзі тану" негізінде рухани-адамгершілік тәрбие беру қазіргі таңдағы білім берудің өзекті мәселесі сапалы біліммен қатар өскелең жас ұрпаққа адамгершілік-рухани тәрбие беру жұмыстары айқын жасалған. **Ұлттық тәрбие бағыты бойынша** жеке тұлғаны жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға, мемлекеттік тілге, Қазақстан халқының мәдениетіне құрмет көрсетуге және ана мен мемлекеттік тілге, қазақ халқының мәдениетіне бағытталған мәнерлеп оқу байқауы, сайыстар, кештер ұйымдастырылған. **Отбасылық тәрбие бағыты бойынша** неке және отбасы мүшелерін құрметтеу құндылықтарын тәрбиелеуге, отбасылық культ және толыққанды отбасын құру үшін денсаулық құндылықтарына негізделген тәрбие сағаттары, сыныптар тыс жұмыстары өткізілген. Отбасы мен достарына деген адалдық, отбасылық дәстүрлері негізге алынған. Сонымен қатар жәдігерлер мен әдет-ғұрыптарды құрметтеуге, сезім құндылықтары - сүйіспеншілік, адалдық, достық, ата-аналарды тәрбиелеу, олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігі мен балаларды тәрбиелеу жауапкершілігін арттыру айқын көзделген. **Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие бағыты бойынша** кәсіби өзін-өзі анықтауға саналы қатынасты қалыптастыру, жеке тұлғаның экономикалық ойлауы мен экологиялық мәдениетін дамыту, қайталанбас құндылық ретінде табиғатты сүйю; кіші Отан ретінде туған табиғатқа деген сүйіспеншілік бірінші орынға қойылған. Мектеп аумағын таза ұстау негізінде оқушыларға жалпы тазалық туралы әдеп сабақтары тұрақты түрде өткізілген. **Интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу бағыты бойынша** әр адамның интеллектуалдық мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттері мен дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетті, соның ішінде балалардың кибер мәдениеті мен кибер гигиенасын дамытуды қамтамасыз ететін мотивациялық кеңістікті қалыптастыру мақсатында мектебімізде интеллектуалды сайыстар, ақпараттық алмасулар және іс-шаралар өткізілген. **Көпмәдениеттік және көркем-эстетикалық тәрбие бағыты бойынша** Жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру және жеке тұлғаның өнер мен шынайылыққа эстетикалық объектілерді қабылдауға, меңгеруге бағытталған. Оның ішінде "Үшқыр ой алаңы" мектеп оқушыларының дебаттық қозғалысы" жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасын іске асыру асырылған. Эстетикалық талғам мен сезімнің эстетикалық санасын, халықтардың ұлттық мәдениеттері құндылықтарына көркемдік-эстетикалық сезімталдықты қалыптастыру мақсатында іске



асырылған. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты салауатты өмір салтының, дене шынықтыру мен спорттың, дене шынықтырудың құндылығын, өз денсаулығына жауапкершілікпен қарау құндылығын қалыптастыру.

2022-2023 оқу жылы Ащысай негізгі орта мектебінде Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы бсәуірдегі №472 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 18қыркүйектегі №24429 болып тіркелген осы бұйрыққа сәйкес құрылып жасалды. Жол қауіпсіздік ережелерін насихаттау, балалар жарақатын болдырмаудың алдын алу шаралары, өрт қауіпсіздігіне арналған шаралар, ҚР мемлекеттік нышандарын насихаттау және қолдану бағдарламасы бойынша іс-шаралар, діни экстремистік көзқарасқа қарсы жүргізілетін іс-шаралар кеңінен жоспарланған Сонымен қатар «Театр және балалар», «Дебат», «Оқуға күштар мектеп», «Қоғамға қызмет», жобалары бойынша жұмыстар тәрбие жоспарына кіріктірілді. Аталған бағыттар бойынша бағаланатын кезеңде жоспарланған жұмыстар атқарылған. Тәрбие жоспары бойынша өткізілген іс-шаралар өткізілген ashysai.mekter инстаграм парақшасында жарияланған. Оқушылардың азаматтық санасы жетілген тұлға ретінде тәрбиелеу мақсатында құқық бұзушылықтың алдын алу үшін әртүрлі шаралар өткізілген (кездесу, сауалнама, экскурсия, кештер, әңгіме, лекция).

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдеріне құрылады. Тәрбие жұмыстары барлық ынталы тараптар: отбасы, білім беру ұйымдары, қоғамның кең ауқымда қатысуымен кешенді түрде жұмыс жүргізу негізінде тәрбие жұмысының мақсаты алынған. Атап айтсақ, мектеп оқушыларының Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы аясында; Білім мазмұнын жаңарту жағдайында балалар мен оқушы жастарды тәрбиелеудің идеологиясы мен стратегиясын анықтау; Қазақстан Республикасының азаматтары және патриоттары ретінде қалыптасуы мен өзін-өздері танытуларына, әлеуметтенуіне, болашақ мамандық иесі болып, кәсіби, интеллектуалды және әлеуметтік шығармашылыққа жетуіне оңтайлы жағдай жасау. Адами капиталдың сапасын жақсарту мақсатында жастар патриотизм тәрбиелеуге және мұғалімдердің сана-сезімін жаңғыртуға аса мән береді. **Тәрбие жұмысының міндеттері төмендегідей көрсетілген:**

1. Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азамат пен патриоттың қалыптасуына; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға; балалар мен жастардың құқықтық санасының өсуіне, оның балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы тұруға дайын болуына ықпал ету.
2. Тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның қазақстандық қоғам өмірінің нормалары және дәстүрлерімен келісілген моральдық қасиеттері мен мақсаттарын қалыптастыруға ықпал ету.

3. Тұлғаның жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағдарлануына, ана тілі мен қазақ халқының, Қазақстан Республикасында тұратын этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуіне ықпал ету.
4. Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың ағарту жұмысын, психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін күшейтуге, бала тәрбиесі үшін олардың жауапкершілігін арттыруға ықпал ету.
5. Тұлғаның еңбек дағдыларын, экономикалық ойлауы мен кәсіби қалыптасуы мен өзін-өзі іске асыруына саналы қарым-қатынас қалыптастыру, экологиялық мәдениетін дамыту, сондай-ақ эволюция идеяларын қабылдау қабілетіне және оны күнделікті өмірде басшылыққа алуына ықпал ету.
6. Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру, оның ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету.
7. Білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құруға ықпал ету, жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнерде және болмыста эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту.
8. Салауатты өмір салты дағдыларын тиімді меңгеру, дене дамуы мен психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.
9. Балалар мен жастардың бойында Қазақстанға сырттан енуші этнодіни экстремизм мен түрлі радикалды ағымдарға қарсы әрекет ете алатын дағдылар қалыптастыру.
10. Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен аулыңа, қала мен өңіріңе, яғни туған жерге деген сүйіспеншіліктен басталады. Туған жерге, оның мәдениетіне, салт-дәстүріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу – шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі, ұлт ететін мәдени-генетикалық кодтың негізі. *Сыныптан тыс жұмыстар мен тәрбиелік іс-шараларды жоспарлау және ұйымдастыру кезінде 2022-2023 оқу жылында аталып өтілетін мерейтойлық күнтізбелік күндер.*

✓ *Қазақстан Республикасының рәміздеріне – 30 жыл;*

✓ *Қазақстанның БҰҰ-30 жыл*

✓ *Мәншүк Маметованың – 100 жылдығы;*

✓ *Роза Бағланованың – 100 жылдығы;*

✓ *Әзілхан Нұршайықовтың – 100 жылдығы;*

✓ *Талғат Бигелдиновтың – 100 жылдығы;*

✓ *Қаз дауысты Қазыбек бидің туғанына – 355 жыл;*

✓ *Қазақ ақыны, әдебиеттанушы ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының туғанына – 150 жыл;*

*Дулат Бабатайұлының туғанына – 220 жыл.*

*Султан Бейбарыстың -800 жыл*

*Мұхтар Әуезовтің туғанына -125 жыл*

*Ғабит Мүсіреповтің туғанына 120 жыл*

*Шерхан Мұртазаның туғанына -90 жыл*

*Дулат Исабековтің туғанына -80 жыл*

Білім алушылардың функционалдық сауаттылықтары мен әмбебап құзырлылықтарын қалыптастыруға қол жеткізетін бағыттардың бірі – **құндылыққа негізделген оқыту мен тәрбие бағдарламасы** (одан әрі – Бағдарлама). Бағдарламаның шешуші идеясы оқу-тәрбие процесін білім алушыларды ұлттық құндылықтар негізіндегі жалпыадамгершілік құндылықтарға баулуға бағыттау. 2022-2023 оқу жылында құндылықтарға негізделген оқу-тәрбие бағдарламасын іске асыру шеңберінде төмендегі жобалар ұсынылады:

- ✓ «Оқуға құштар мектеп»;
- ✓ «Отбасы – орта мектеп»;
- ✓ «Еңбек – елдің мұраты»;
- ✓ «Ерте жастан бастап экологиялық мәдениет»
- ✓ «Психологиялық көмек көрсету және мектептің татуластыру қызметтерін ұйымдастыру»
- ✓ «Қоғамға қызмет»;
- ✓ «Мектеп өмірінің бір күні»;
- ✓ «Дебат» қозғалысы;
- ✓ Оқушылардың «Өзін-өзі басқару» ұйымдары;
- ✓ «Өзін-өзі басқару күні», «Өзін-өзі басқару аптасы» жобалары;
- ✓ «Музей сабақтары» – «Музей күні» жобасы;
- ✓ «Театр сабақтары» жобасы.

Жобалардың негізгі идеясы білім алушыларды ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу болып табылған.

*13.5 білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру.*

2018-2019, 2019-2020, 2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдары білім алушыларға рухани – адамгершілік, көркем-эстетикалық бағытта тәрбие беру, жеке тұлғалық қабілеттерін дамыту мақсатында, қоғамдық-саяси сауатын күшейту бағытында мектеп жанынан үйірмелер ашылып, жұмыс жүргізілген. Үйірме жұмыстары сабақтан тыс уақытқа ұйымдастырылған. Сабақтан тыс жұмыстардың кестесі жасалған. Білім алушылар қалалық, облыстық, республикалық конкурстарға катысып оқушылар өзіндік жұмыспен айналысқан. Ғылыми зерттеу жұмыстарына баулу жүргізілген. Каникул күндерінде отбасылық сайыстар, спорттық жарыстар, патриоттық әндер байқауы өткізілген. Пән мұғалімдері өзара тәрбие сағаттарына оқушылардың тәртібін бақылау, тәжірибе алмасу мақсатында катысып отырған, талдау жасалған. Оқушылар «Есінде ме, сол бір кез...», «Елімнің тәуелсіздігін тербеткен тәуелсіздік!», «Тәуелсіз елім – кең байтақ жерім» эссе байқауында, «Қазіргі Қазақстан. Елбасының көшбасшылық сабақтары» тақырыбында т.б. байқауларда марапатталған. Кешенді тәрбие жұмыстарының жүргізілуі сынып жетекшілердің әдістемелік бірлестік отырыстарында талқыланған. Оқушылардың тәрбие деңгейін анықтау жұмыстары бойынша мониторинг, диаграммалар жасалған. Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында мектепте үйірме, секция жүргізіледі. Қатысатын оқушылардың мәліметі жасалған. 2018-2019 оқу жылындағы мектепшілік 4 үйірмеге 37 оқушы, 2019-2020 оқу жылындағы



мектепшілік 4 үйірмеге 40 оқушы, 2020-2021 оқу жылындағы мектепшілік 3 үйірмеге 38 оқушы, 2021 - 2022 оқу жылындағы мектепшілік 3 үйірмеге 33 оқушы, 2022-2023 оқу жылында мектепшілік 3 үйірмеге 26 оқушы тартылған. «Жас математик» «Көркем жазу», «Қызықты математика», «Біз математикамен біргеміз», «Сөз байлығы», тақырыптарында қосымша білім беру жұмыстары бастауыш сыныптарында жүргізіледі. Қамтылған оқушылар саны – 20. Бұл білім алушылардың 43,5% -ы қамтиды. Мектепте барлығы 3 түрлі спорттық секциялар жұмыс жасайды (тоғызқұмалақ, шахмат, үстел теннисі) барлығы 26 оқушы қамтылған. Білім алушылардың 56,5%-ы тартылған. Жалпы мектеп бойынша оқушылары 100% ы қамтылып отыр.

Пән мұғалімдері өзара тәрбие сағаттарына оқушылардың тәртібін бақылау, тәжірибе алмасу мақсатында қатысып отырған, талдау жасалған. Кешенді тәрбие жұмыстарының жүргізілуі сынып жетекшілердің әдістемелік бірлестік отырыстарында талқыланған.

Спорттық, шығармашылық, мәдени конкурстарға, жарыстарға, фестивальдер мен байқауларға қатысу нәтижелері

Бағыты	Қалалық	Облыс	Республика	Халықаралық	Диплом	Малақтам	Сертификат	Алғыс хат	Жалпы саны
2018-2019 оқу жылы	-	1	4	4	3	3	-	-	15
2019-2020 оқу жылы	-	-	2	3	3	-	-	-	8
2020-2021 оқу жылы	-	-	-	-	-	-	-	-	-
2021-2022 оқу жылы	-	-	3	5	10	-	-	-	18
2022-2023 оқу жылы	-	-	-	-	-	-	-	-	-

#### СПОРТТЫҚ ЖЕТІСТІКТЕР 2018-2023 ЖЫЛ

Қысқы спорт түрлері бойынша Шевченко ауылында шаңғыдан жарыс ұйымдастырылды. Борис Назерке, Құлтас Санжар, Сүндет Жанар қатысқандары үшін мадақтамамен марапатталды.

Қандыағаш қаласында № 4 ЖББОМ үстел теннисінен Борис Назерке, Мырзабай Темірлан қатысқандары үшін алғыс хатпен марапатталды.

2019-2020 оқу жылында 9 сынып оқушысы Ерсайын Бекзат аудандық гир көтеруден жүлделі 3 орынға ие болды.

2020-2021 оқу жылы карантиндік режимге байланысты оқушыларды аудандық жарыстарға қатыстыру мүмкіндігі болмады.

2021-2022 оқу жылы «Балалар жылы және Қ.Жұбановтың туғанына 122 жыл» толуына 4-6 сынып аралығында аудандық оқушылардың үстел теннисінен Мырзалы Арнұр 1 дәрежелі диплом, Дүйсенбі Дінмұхаммет 1 дәрежелі диплом, Рахым Нұржігіт 1 дәрежелі дипломдармен марапатталды.

2021-2022 оқу жылы 9-11 сынып аралығында аудандық оқушылардың шаңғы жарысынан Сәкен Бекзат 1 дәрежелі диплом, Жағыпар Нұрбол 2 дәрежелі диплом, Қуатов Бердияр 3 дәрежелі диплом, Базарбай Даурен жүлделі 1 орынға, Сәмиев Аққуан 2 дәрежелі орындарға ие болды.

**Мектепте сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастырылған.** Білім алушылардың Облыстық, Республикалық, Халықаралық байқауларға қатысуы төмен.

Білім беру ұйымдарын бағалау критерийлеріне 2-қосымшаға сәйкес Спорттық, шығармашылық және мәдени конкурстарға, жарыстарға, фестивальдер мен байқауларға қатысу нәтижелері жалпы оқушы санынан 12,5% құрап, 1.4 бөлімі бойынша бағасы - *ortasha*.

2018-2019 оқу жылы бойынша пән мұғалімдері мен мектеп психологі 1-9 сыныптар кластар оқушылары арасында зерттеу жұмыстары жүргізілді, осы жұмыстың нәтижесінде 20 оқушы дарынды оқушылар тізіміне алынды. Оның ішінде бастауыш кластардан 9 оқушы, жаратылыстану әдістемелік пәндер 5 оқушы және эстетика әдістемелік бірлестігі бойынша 6 оқушы тізімге алынды. «Дарынды балалармен жұмысты ұйымдастыру» тақырыбында педагогтарға арналған коучинг өткізілді.

Жалпы білім беретін пәндердің республикалық олимпиадасының мектепшілік кезеңінде 10 ғылыми негізгі пәннен өткізілді: қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті, ағылшын тілі, Қазақстан тарихы, алгебра, химия, физика, география, биология, информатика пәндері бойынша гуманитарлық пәндерінен 14 оқушы, жаратылыстану-математика пәндерінен 10 оқушы мектепшілік олимпиадаға қатысты, ол мектептің 23% құрады.

2018-2019 оқу жылы «Русский медвежонок» олимпиадасында Бірлік Перизат, Табынова Аружан, Мырзабай Інжу жүлделі 3 орындарға ие болды. Сүндет Жансейіт жүлделі 2 орынға ие болды.

2020-2021 оқу жылы Мұғалжар аудандық білім бөлімінің мадақтамасымен биология пәнінен Уалиева Райгүл 3-ші орынға ие болды.

2020-2021 оқу жылы 4-11 класс оқушылары Халықаралық ағылшын тілі олимпиадасы «British Bulldog» тан жүлделі 3 орынға Сәкен Меруерт ие болды.

2021-2022 оқу жылы «Білге бәйге» олимпиадасының 3-ші облыстық кезеңі өткізілді. Оған кластан 7 оқушы қатысып, біреуі 1-ші орын, біреуі 2-ші орын, ал екеуі 3 орынға, 4-ші республикалық кезеңде 4-оқушы 2 орынмен марапатталады. Республикалық «Зерде» ғылыми жұмыстар мен шығармашылық байқауының аудандық кезеңіне 1 оқушы мақтау қағазына ие болды.

Білім беру ұйымдарын бағалау критерийлеріне 2-қосымшаға сәйкес Зияткерлік олимпиадалар мен конкурстарға қатысу нәтижесі жалпы оқушы санынан 6.5 % құрап 1.3. бөлімі бойынша бағасы - *uzdik*.

«Кішкентай білгірлер» атты олимпиадаға оқушылар қатысып, грамотамен марапатталды.

2019-2020 оқу жылы бойынша дарынды және үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс жыл басында жасалып бекітілді.

2020-2021 оқу жылы Жалпы білім беретін пәндердің республикалық олимпиадасының аудандық кезеңіне 8-9 кластардан 7 оқушы қатысты. Оның бірінші турынан 2 оқушы өтті. Қорытындысы бойынша математика пәні бойынша ІІІ орынға (пән мұғалімі Игрешова Сәулеш), қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша алғыс хатпен (пән мұғалімі Алимов Әбілманат) Аудандық байқау-

2019-2020 оқу жылы «Үздік сабақ-2019» Мерғалиева Жұлдыз 3 дәрежелі дипломмен марапатталды.

2020-2021 оқу жылы бойынша дарынды балалармен жұмыс жоспары жыл басында жасалып бекітілді. Мектеп психолығымен бірлесе отырып дарынды оқушыларды анықтау мақсатында оқушылармен есте сақтау әдістемесі, дарындылық диагностикасы, логикалық тапсырмалар, бақылау әдәсә жүргізілді. 9-11 сыныптар арасындағы мектепшілік олимпиадаға қазақ тілі мен әдебиеті, Қазақстан тарихы, математика, биология пәндері арасындағы олимпиадаға 10 оқушы қатысып, аудандық кезеңге 4 оқушы өтті, бірақ ауылымыздың жолының нашарлығына байланысты оқушылар аудандық кезеңге бара алмай қалды.

«Bilgen alaman» республикалық олимпиадасында Базарбай Даурен дипломмен марапатталды, жетекшісі Иманиязова Г.К «Progress» олимпиадасында Ықылас Мадияр, Сағымбай Ахрам, Базарбай Даурен, Сәкен Бекзат, Сағындық Ерасыл І орынға ие болды.

2021-2022 оқу жылы «Эрудит» халықаралық өнер және білім академиясы олимпиадасында орыс тілі пәнінен Дүйсен Ерасыл, Высоцкая Нұрай, Құлтас Айгерім жүлделі І орындармен марапатталды.

Халықаралық шығармашылық және білім академиясының Түстер әлемі байқауында І дәрежелі дипломдармен Башеева Асемай, Бердіханова Тоғжан, Шыман Алихан, Ерсайын Рамазан, Сейткерей Томирис, Дүйсенбі Данабек марапатталды.

«Ұлы дала баласы» олимпиадасының облыстық кезеңінде І дәрежелі дипломдарымен 4 сынып оқушылары Бердіханова Баянесулу, Дүйсен Нұрасыл, Рахым Нұрқанат марапатталды.

«Білім шыңы» Республикалық пәндік олимпиадасында жүлделі І орындармен 4 сынып оқушылары Бердіханова Баянесулу, Бектемір Мұнар, Боранбаев Холид, Дүйсен Нұрасыл марапатталды.

«Алтын ұрпақ» республикалық зияткерлік олимпиадасында жүлделі І орындармен Бердіханова Б., Боранбаев Х., Жұмағали М., Рахым Н., Жұбаньшева Г марапатталды. Ағылшын тілі пәнінен Progress олимпиадасында бастауыш сынып оқушылары Рахым Нұрқанат, Боранбаев Холид, Сағынай Нұрали жүлделі І орындармен марапатталды.

2021-2022 оқу жылында 1-7 сынып оқушылары арасында Республикалық Зерде шығармашылық жобалар мен зерттеу жұмыстары конкурсының аудандық кезеңіне мектебіміздің 5 сынып оқушысы Құлтас Әйгерім математика пәнінен қатысып, жүлделі І орынға ие болды. Жетекшісі Исанова Алмажан.

Математика пәнінен республикалық Алтын сақа олимпиадасынан облыстық кезеңінен жетістік көрсеткені үшін 5 сынып оқушысы Высоцкая Нұрай марапатталады.



Жаратылыстану-математика бағыты бойынша ауыл мектептерінің 9-сынып оқушыларына арналған аудандық Аламан олимпиадасына қатысқан мектебіміздің 3 оқушысы жүлдеді орын иеленді. 1 орын-Сәмиев Акқуан, 2 орын-Сәкен Бекзат. Жетекшілері Исанова А.М мен Отаров Е.М.

Биология пәнінен Қуатов Бердияр жүлделі 3 орынға ие болды. Жетекшісі-Қабдуғалиева Л.М. Ұлы дала баласы ұлттық білім сайыстарының облыстық, республикалық кезеңіне 5 сынып оқушылары қатысып жүлделі 1 орынға ие болды.

Қазақ тілі пәнінен Нұржан Аяулым жетекшісі-Хасен А.Е. Жаратылыстану пәнінен облыстық, республикалық кезең 1 орын Высоцкая Нұрай-жетекшісі Қабдуғалиева Л.М.

Математика пәнінен 2 сынып оқушылары Сағынай Нұрали мен Ерсайын Баян қатысып жүлделі 1 орын иеленді. Жетекшісі-Тасбулатова А.

Эрудит халықаралық пәндік олимпиадасынан математика пәнінен қатысып жүлделі 1 орынға 5 сынып оқушылары Высоцкая Нұрай, Нұржан Аяулым, Құлтас Әйгерім ие болды. Зияткер оқушы-2022 байқауында 4 сынып оқушылары Бердіханова Б, Боранбаев Х, Дүйсен Н, Жұбанышева Г, Жұмағали М, Рахым Н жүлделі 1 орындарға ие болды. «Білім әлемі» халықаралық пәндік олимпиадасында орыс тілі пәнінен Бердіханова Б жүлделі 2 орынға ие болды. Математика пәнінен 2 сынып оқушысы Сағынай Нұрали жүлделі 1 орынға ие болды. «Мегамоzg-22 » халықаралық пәндік олимпиадасында математика пәнінен Дүйсен Нұрасыл 1 дәрежелі дипломмен, Рахым Нұрканат 2 дәрежелі дипломмен марапатталды. «Мерекелі мамыр» халықаралық байқауында көркем жазудан Бердіханова Б және Жұбанышева Г жүлделі 2 орынға ие болды. «Акварель » сурет байқауында Жұмағали Манас 2 дәрежелі дипломмен марапатталды. «Жұлдызды аспан » халықаралық байқауында мәнерлеп оқудан Бердіханова Б мен Жұбанышева Г 1 дәрежелі орындарға ие болды. «Үздік балабақша тәрбиешісі» қашықтық олимпиадасында 1 дәрежелі дипломмен Битимбаева Ш.К марапатталды.

2021-2022 оқу жылы Білім беру ұйымдарын бағалау критерийлеріне 2-қосымшаға сәйкес Зияткерлік олимпиадалар мен конкурстарға қатысу нәтижесі жалпы оқушы санынан 18,75 % құрап 1.3. бөлімі бойынша бағасы - *uzdik*

**13.7. Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқу процесін ұйымдастыру**

